

Қазақ халқының дәстүрлі мәдени мұрасы
ТАЛБЕСІКТЕН ЖЕРБЕСІККЕ ДЕЙІН

ХАЛЫҚ БОЛЖАМДАРЫНАН

Тоғыс кезінде Үркер мен Ай бір-бірінен алыс болса, халық тәжірибесінде "бұл екеуі бір-бірімен қырбай болған екен, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді" деп қауіп ететін болған. Егер Үркер мен Ай жақын орналасса, шаруакор қазақ: "Екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман бола қоймас" деп жақсылыққа жорыған. Бір жылда Үркер мен Ай 13 рет тоғысады. Есепшілердің болжамы бойынша тоғыстардың ең ауыры ақпан айындағы Ақырап.



Егер жаңа Ай шалқалап туса, ондағы ауа райы малға жайсыз болады, Ай тік туса, жайлы болады делінеді.

Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. Күн құлақтанып бататын болса, ауа райы жылынуға тиісті. Қазақтың "Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан" деп келетін мақалы дәл осыдан айтылса керек.

Жыл санау

Мұсылманның жыл санағы 622-жылғы шілденің 16-жұлдызында Мұхаммет пайғамбардың Меккеден Мәдинаға сахабаларымен ауып барған күннен басталады. Арабтың Ай күнтізбесі 354 күннен тұрады, сонда әр жыл сайын 11 күнге ауытқып отырады.



Қоршаған орта мен жер, ауа жағдайын білумен шектелмей, аспан әлемін зерттеу де қажет болған. Аспандағы "Темір қазық", "Жеті қарақшы", "Үркер", "Шолпан" жұлдыздарының орналасуы мен олардың қозғалыстарын білудің өзі көп жеңілдіктер беретіні мәлім.



ЖЫЛ БАСЫ



МҮШЕЛ ЖАС

Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды. Алғашқы мүшел он үш жас - бұл адамның балалық шақтан, ересектік шаққа дейінгі кезеңі. Ол кезде ер балалардың дауыстары өзгеріп, қыз балалардың дене бітімі сүйкімді бола бастайды.

Мүшел жас

- 1-мүшел - 13 жас (ер жете бастау);
- 2-мүшел - 25 жас (жігіттік шак);
- 3-мүшел - 37 жас (ақыл тоқтату);
- 4-мүшел - 49 жас (орта жас);
- 5-мүшел - 61 жас (орта жас);
- 6-мүшел - 73 жас (қарттық);
- 7-мүшел - 85 жас (кәрілік);
- 8-мүшел - 97 жас (қалжырау);
- 9-мүшел - 109 жас (шөпшек сүю);
- 10-мүшел - 121 жас (немене сүю).

АМАЛ МЕН ТОҒЫСТАР



ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Қазақта жыл басы Наурыз айының (марттың) 22-нен басталады. Он екі жыл бір жыл бір айналғанда бір мүшел толды деп есептеледі. Жыл басы "тышқан" саналады.



ҚАЗАҚ ЫРЫМДАРЫ

Ұлы Даланы сан ғасырлар бойы мекендеген ата-бабаларымыз қылыш ұстап серт берген дәуірден — кұран ұстап ант берген заманға дейін талай-талай асулардан асып, бұралаң-бұлттарысы көп жолдардан өткен. Сырт көзге сыр бермейтін көшпелі өмір-тіршіліктің қаншама асылдары мен құндылықтары тарихтың аударылған ауыр парақтарының астында қалып бара жатыр.



Назарларыңызға рахмет!!!